Тілегіміз – тату тірлік, мұратымыз – ауыз бірлік!

# ЕЛ ТІЛЕГІ

Газет 2007 жылғы 22 қарашадан шығады

gazeta_eltilegi@mail.ru

№27 (883) Сәрсенбі 3 шілде 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТІ

http://www.qsip.kz/ http://www.instagram.com/eltilegigazeti http://www.facebook.com/eltilegigazeti




## АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚАЛАДАҒЫ НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ

**Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы бірқатар нысанды аралады.**

Алдымен өткен жылы пайдалануға берілген «Анаға тағзым» орталығына барды. Аналардың құрметіне бой көтерген орталық кәсіпкер Марат Дүйсенбаевтың демеушілігімен салынды. Президент тапсырмасына сәйкес бұл ғимаратта «Әйелдердің креативті индустрия орталығы» жұмысын бастады. Мемлекет басшысы Сыр өңіріне жұмыс сапары кезінде жаңа нысанның жұмысымен танысып, мұндай орталық жастарға тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқаратынын айтты.

«Анаға тағзым» орталығы ең алдымен тұрғындарға пайдалы болуы керек. Бастамаларын уақыт талабымен үндестіріп, жаңартып, жандандырып күнделікті жұмыс істеуі тиіс. Келушілерге жаңа идея, жаңа мүмкіндіктер ұсыну арқылы бағыты айқындала түспек», – деді аймақ басшысы.

Одан әрі Нұрлыбек Машбекұлы өткен жылы дербес мекеме болып құрылған Теннис орталығына барды. Еске салсақ, Мемлекет басшысының тікелей бақылауындағы бұқаралық спортты дамытуға қатысты бастамаларды жүзеге асыру мақсатында облыс әкімінің қолдауымен мәдениет және спорт басқармасы жанынан теннис түрлері бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі құрылды. Қазір орталықта 297 бала спортпен тегін шұғылданып, халықаралық, республикалық жарыстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болуда.

Балалар мен жасөспірімдердің тенниске қызығушылығын арттыру үшін жазғы теннис орталығын қайта жаңғыртудан өткізуге қаржы бөлінетін болды. Жаңғыртылған орталық спорттың осы түрімен айналысуға ұмтылған талапкерлерге жаңа мүмкіндіктер ұсынады. Алдағы уақытта қосымша үстел теннисі мен бадминтон бөлімшелері ашылады. Еске салсақ, Наурыз мерекесі қарсаңында Сыр өңірінде жаңа үстел теннисі орталығының құрылысы басталды.

Әрі қарай облыс әкімі жуырда күрделі жөндеуден өткен «Орталық бейітке» барды. Еске салайық, күрделі жөндеу жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен жасалды. Бейіт аумағы абаттандырылып, көгалдандырылып, кіреберіс жол салынды. Елімізде Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы жалғасуда. Апта сайын барлық елді мекенде өтетін сенбіліктерге мекеме, кәсіпорын қызметкерлері, еріктілер, жастар белсене қатысып, көркейту-абаттандыру жұмыстары атқарылуда.

## САЯБАҚТАР МЕН ГҮЛЗАРЛАР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

**Мемлекет басшысының, Үкіметтің тұрақты қолдауымен және облыс әкімінің үйлестіруімен қала өмірінде өскелең өріс қанат жайды. Қарқынды құрылыс алаңына айналған шаһарымыз өсіп-өркендеумен қатар, еліміздегі ең таза қаланың бірі атанды. Оның бір дәлелі – «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясы арқылы ауқымды жұмыстар атқарылып, алдағы уақытқа да мол міндеттер жүктелді.**



«Акция – науқандық шара емес. Бұл бастаманы өмірлік дағдыға айналдыруымыз қажет». Міне, осындай ұстаныммен қала әкімі Серік Қожаниязов жексенбі күні шаһардағы сквер-аллеялар мен саябақтарды аралап, абаттандыру және көгалдандыру барысында атқарылған істің нәтижелерін, әлі де жасалуы тиіс жұмыстардың жайын сүзгіден өткізді.

Алдымен қалалық мәдени және демалыс паркіндегі тазалық талаптарының орындалуына және ойын алаңдары мен аттракциондардың техникалық қауіпсіздігіне назар аударды.

«Жаз маусымында қала халқының уақыттарын тиімді, әрі көңілді өткізуін қамтамасыз ету мақсатында барлық жағдай жасалуда. Десе де, саябақ таза демалыс аймағы болу керек. Жаз – еркін тынығуға қолайлы мекен іздейтін маусым. Саябақ сауда-саттық орны емес, ол тынығушылардың талғамына сай жабдықталып, сапалық стандарты сақталуы қажет» – деді, Серік Салауатұлы.

Қыркүйек айынан бастап облыс әкімінің тапсырмасына сәйкес, осы паркте қайта жаңғырту жұмыстары басталады. Осылайша демалыс орталығы жаңаланып, жайлы тынығу орнына айналады. Мұнан кейін Серік Салауатұлы Б.Шөкенов атындағы саябақтың көріктендіру жұмыстарын көрді. Қала тұрғындары үшін табиғат аясында тынығуға мол мүмкіндік сыйлаған саябақтың эстетикалық күйі де қалыпқа келтірілуде.

«Саябақтағы санитарлық тазалық шаралары жыл бойы жүргізілуі тиіс. Бұл жұмыстарды босаңсытуға болмайды» – деді, Серік Салауатұлы сала басшыларына.

Мұндағы жасыл-желекті күтіп, балақтау, уақытылы аяқ су беру күнделікті атқарылуы қажет. Ашығын айту керек, аталған парктегі жерасты су ұңғымасында уақытша орын алған ақауға байланысты аяқ су кеш берілді, салдарынан талдарға күтім жасалмады. Мәселеге орай, «Жасыл-Қызылорда» мекемесіне «Сарқырама» каналы арқылы судың бағытын бұрып, биік жерлерге мотопомпаларды пайдалану тапсырылды.

«Қорқыт ата» мемориалы аллеясы қаладағы демалыс орындарының бірі болса да, мақсатты пайдаланылмай келеді. Яғни, көпшілік кең көлемде тынығa бермейді. Себеп – саябақтың бүгінгі күйі халықты баурайтындай жағдайда болмай тұр. Осыған орай, сәулетшілердің ұсынған заманауи дизайнымен жаңғырту жұмыстары жүргізіледі. Бұл игі бастаманы жақын күндері бастау жоспарға енгізілген.

«Аймақ басшысының тегеурінді талабымен, кәсіпкердің демеушілігімен жақында Орталық алаң қайта жаңғырып, ел игілігіне берілді. Қандай керемет, халықтың өмір сүру сапасын арттыру жолындағы маңызды қадам деп атасақ жарасымды. Бұл жердегі бір әттеген-айы, демалыс орындарын тиімді, сапалы, мәдениетті пайдалана алмауымыздан болып тұр. Қарасаңыз, бас-аяғы базар-ошар секілді бей-берекет дүние қаптап кетті. Біз мұндай берекесіздікке жол бермейміз. Демалыс аймағында халық еркін демалуы керек. Өз кезегінде «Қорқыт ата» мемориалы аллеясын да орталық алаң секілді қала халқының сүйікті орнына айналдыратын боламыз» – деді, Серік Салауатұлы.

ҚР Тұңғыш Президент саябағы қазір халықтың қарасы үзілмейтін, отбасылық демалыс орны. Жасыл желекке оранған саябақта тынығушылар саны күн санап артып келеді. Шағын мерейтойларды атап өтудің де мүмкіндігі мол. Бір өкініштісі, қоршаған ортаға саналы көзқарасты қалыптастыруда және туған жердің тазалығын сақтау, табиғатын қорғауда әлі де бейқамдық бар. Осы жайларды ескерген қала әкімі саябақ көлемін кеңейту, ішкі тәртіп пен тазалықты сақтау мәселелерін жолға қоюды алға тартты.

«Елге деп салынған әрбір нысан өз мақсатында жұмыс істеуі керек. Саябақты заманауи саябақ келбетінде көргенге не жетсін!? Сол үшін ешқандай қажеттілік пен мұқтаждық туындауы тиіс емес. Әрлеу керек пе, әрлейміз, абаттандыру десеңіз, оны да жасаймыз. Сонда ғана халық сұранысындағы демалыс мүмкіндігін сыйлай аламыз. Бұл жұмыстардың атқарылуына аймақ басшысы жан-жақты қолдау жасап отыр» – деді, шаһар басшысы.

Президент паркінен денсаулық саябағына дейінгі аралық толық қамтылған, жан-жағында автокөліктер тұрағы бар, гүлзарлармен көмкерілген көркем келбет қалыптастырамыз. Оған мүмкіндік жеткілікті. Алдағы уақытта әрбір нысан зерттеле отырып, халықтың сұранасына сай тиісті үдеден шығуға жұмыс жасалады, – деп, бүгінгі сапардың сарабын жасады.

## ПРОБАЦИЯ ЕСЕБІНДЕГІ АЗАМАТТАР ГРАНТ ҰТЫП АЛДЫ

**Қазіргі таңда пробация есебіндегі азаматтардың басым көпшілігі жеке кәсіпке бет бұрған. Бұл пробация инспекторлары мен жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің бірлесіп атқарған жұмыстарының нәтижесі.**

Кәсіп ашуды мақсат еткен пробация есебіндегі екі азамат «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының «Бастау Бизнес» жобасы бойынша бір айлық «кәсіпкерлік негіздері» курсын оқып, өз бизнес жобасын қорғап шыққан. Нәтижесінде мемлекеттен қайтарымсыз 1 млн 476 мың 800 теңге грант ұтып алды.

«Бастау-бизнес» жобасы арқылы оқып, кәсіпкерлік жүргізудің қыр-сырын үйрендім. Жеке кәсіп ашамын деген азаматтарға мүмкіндік көп. «Көлік жөндеу слесарі» бойынша грант иегері атандым. Қайтарымсыз қаражатыма кажетті заттарды сатып алатын боламын. Көлік жендеу орталығын ашып, отбасымды адал жолмен асырап, халкыма пайдамды тигізсем – дейді сотталған азамат.

– Қазіргі заманда жұмыс жасап тұрмысын түзеймін деген жандарға мемлекет тарапынан көптеген мүмкіндіктер берілуде дейді қалалық пробация қызметі бастығының орынбасары әділет майоры Гүлнұр Байсариева. Есептегі азаматтар арасынан кәсіпке бет бұрғандар бар. Міне тағы екі азамат курсты толық аяқтап, тест тапсырып, сертификат алды. Өз бизнес жоспарын жасап, комиссияға ұсынған. Комиссиямен мақұлданып, қайтарымсыз қаражат ұтып алды. Мемлекетіміз тарапынан жасалып жатқан бұндай көмектер пробация қызметі есебіндегі азаматтарды қайта әлеуметтендіруге зор көмегін тигізуде. – дейді Гүлнұр Байсариева.



## ҚАЛА ӘКІМІНІҢ ОРЫНБАСАРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

**Бірыңғай конкурстық комиссияның шешімімен қала әкімінің орынбасары лауазымына Шамұратов Пакуатдин Сражадинұлы тағайындалды.**

**Қала әкімі Серік Қожаниязов жаңа орынбасарын кадрлық өзгерістерге байланысты өткен актив отырысында таныстырды.**

«Пакуатдин Сражадинұлы – мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп, сатылап өскен білікті де, тәжірибелі маман. Маңызды салаларда басшылық қызмет атқарған, тапсырманы тиянақты орындайтын жауапкершілігі мол азамат. Пакуатдин Сражадинұлы әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін», – деді қала әкімі.

Пакуатдин Сражадинұлы 1983 жылы дүниеге келген. Білімі жоғары.2006 жылы Қазақ Ұлттық аграрлық университетінде «Жер ресурстарын басқару және жерді үйлестіру», 2013 жылы «ҚазТұтынуОдағы» Қарағанды экономикалық университетінде «Құқықтану», 2016 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Құрылыс» мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2006 жылы «Қазалы-Құрылыс» ЖШС геодозист болып бастаған.

2007-2008 ж.ж аталған мекемеде директордың міндетін атқарушы;

2008-2010 ж.ж Қызылорда облысының сәулет және қала құрылысы басқармасының бас маманы;

2010-2011 ж.ж қалалық жер қатынастары бөлімі бастығының орынбасары;

2011-2012 ж.ж қалалық жер қатынастары бөлімінің бастығы;

2012-2017 ж.ж қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің бастығы;

2017-2020 ж.ж Тасбөгет кентінің әкімі;

2020-2021 ж.ж қалалық құрылыс бөлімінің басшысы;

2021-2022 ж.ж Жалағаш ауданы әкімінің орынбасары;

2022-2023 ж.ж Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы;

2023 жылдан бастап осы кезге дейін қалалық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Пакуатдин Сражадинұлы кәсіпкерлік және өнеркәсіп, сәулет және қала құрылысы, ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімдеріне жетекшілік жасайды.

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТІ, «ЖАРАСЫМДЫ ЖАНҰЯ» ЖУРНАЛЫ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2024 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

**«Ел тілегі»** газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2500 теңге;**

**«Жарасымды жанұя»** журналына жеке жазылушылар үшін индекс 47023

**6 айға – 2850 теңге.**

**БАСЫЛЫМДАРЫМЫЗДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!**

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

**Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: 8(7242) 27-85-75; 8-7059827661; 8-7716933181.**

## ШИЕЛІ АУДАНЫНЫҢ 2 АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНДЕ ӘКІМ САЙЛАНАДЫ

Қызылорда өңірінде жыл басынан бері 1 кент және 10 ауылдық округ әкімінің сайлауы өткізілді.

Негізінен, ауыл әкімдері 4 жыл мерзімге сайланады. Биыл аймақта 25 кент және ауылдық округ әкімдерінің өкілеттілік мерзімі аяқталады. Сонымен қатар өкілеттілігі мерзімінен бұрын тоқтатылған ауыл әкімдерінің орнына да сайлау өтеді. Яғни жоспарға енген сайлаулардан бөлек тағы 5 ауылдық округте тұрғындар жаңа әкімді сайлайды. Осы жексенбіде, яғни 7 шілде күні Шиелі ауданындағы Ақмая және Тұран ауылдық округінде сайлау ұйымдастырылады. 2 ауылдық округ бойынша 3417 сайлаушы дауыс беруге құқылы. 2 учаске құрылып, 14 комиссия мүшесі қызмет атқармақ. Ал, 14 шілде күні Қазалы ауданының Әйтеке би кенті мен Жаңақорған ауданының Сунақата ауылдық округінің тұрғындары жаңа әкімді сайлауға атсалысады.

Айта кету керек, кент және ауылдық округ бойынша 30 мыңға жуық сайлаушы дауыс беруге құқығы бар. Сайлау учаскелеріндегі дауыс беру кабиналары талапқа сай жабдықталды. Мүгедектігі бар азаматтар үшін де қолайлы жағдай жасалған. Еске салайық, Қызылорда облысы бойынша барлығы 146 кент және ауылдық округ әкімі бар. Олардың 143-і ер, 3-і әйел азаматша.



# ҚАЛА БОЙЫНША 19 118 КӨП БАЛАЛЫ АНА БАР

**Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Кенжегүл Құрақбаева және «Қызылорда қаласының Мансап орталығы» филиалының директоры Жақсылық Тулегенов І жарты жылдықта атқарылған жұмыстар мен алдағы жоспарлар туралы баяндады. Қазіргі таңда қала бойынша 19 118 көп балалы ана бар. Оларға республикалық бюджеттен бала санына қарай арнаулы мемлекеттік жәрдемақы ай сайын төленуде.**

- Атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың көмекке мұқтаждығына тексеру жүргізу бойынша мониторингтік жұмысшы топ құрылып, ай сайын аралау жұмыстарын жүргізіуде. Зерттеу барысында атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылар ішінде жалдамалы пәтерде тұрмайтын, жеке кәсіпкерлерден жұмыстан шыққан немесе жалған мәлімет берген азаматтар анықталып, 254 отбасыға тағайындалған атаулы әлеуметтік көмек төлемі тоқтатылды, – деді Кенжегүл Құрақбайқызы.

Айта кету керек, 182 жалғыз басты бөгде адамның көмегіне мұқтаж қарттарға 24 әлеуметтік қызметкермен 7 түрлі үйден арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсетілуде. «Мүгедектігі бар балаларға үйден арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету» бөлімшесінен қызмет алушы 223 мүгедектігі бар балаға жыл көлемінде бектілген іс-шара жоспарына сәйкес арнаулы әлеуметтік көмек көрсетілуде.

Өткен жылдан бастап «Қызылорда қаласында отбасын қолдау орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылып, жұмыс атқаруда. Орталықтың функцияларына өмірлік қиын жағдайға тап болған немесе оның туындау қауіп-қатері бар отбасыларды анықтау, консультациялық қызметтер көрсету, психологиялық қолдау, оқыту семинарларын, мастер-класстар, тренингтер және іс-шаралар өткізу, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру, демеушілердің көмегімен қайырымдылық акцияларын ұйымдастыру жатады.

- Орталық мамандарымен жыл басынан бастап 2197 отбасына, оның ішінде баспана мәселесіне байланысты 217, жеке консультациялар түрінде 903, құқықтық консультациялар 198, гуманитарлық көмек туралы 879 адамға кеңес беріліп, сүйемелдеу жұмыстары жүргізілуде, - деді Жақсылық Төлегенов.

Жыл басынан бастап 1355 азамат тұрақты жұмыспен қамтылса, жыл көлемінде тағы 1 307 азаматты жұмыспен қамту жоспарланып отыр. «Халықты жұмыспен қамтуға жәрдемдесу және еңбек ресурстарының ұтқырлығы арқылы еңбек нарығын дамыту» бағыты бойынша қоғамдық жұмыстарға 3172 адам, әлеуметтік жұмыс орындарына 100 адам, жастар тәжірибесіне 328 жас маман, «Алғашқы жұмыс орны» жобасымен 26 жас маман жұмысқа жолданды. «Ұрпақтар келісімшарты» жобасымен 5 адамға жолдама беріледі.

Бұдан бөлек, осал топтарға арналған мемлекеттік гранттар беру бағыты аясында Business.enbek.kz порталында 2024 жылдың сәуір айынан бастап 1-лек бойынша жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін мемлекеттік гранттар алуға өтінімдер қабылданып, 231 адамға мемлекеттік грант берілді. 2-лек бойынша шілде айында өтінімдер қабылданады. Қызылорда қаласы бойынша 520 адамға грант беру жоспарланған.

Сондай-ақ, жұмыспен қамту мақсатында 7 рет «Бос жұмыс орындары» жәрменкесі өткізіліп, 155 жұмыс беруші мекемелерден 1049 бос жұмыс орындары ұсынылды. Нәтижесінде 244 адамға жұмысқа жолдама беріліп, 113 адам тұрақты жұмысқа орналасты.

# ЖУРНАЛИСТЕР ОДАҒЫ ЖАҢА ҚҰРАММЕН ТОЛЫҚТЫ

**Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында сырбойылық журналистер Қазақстан Журналистер одағына мүшелікке қабылданды. 28 маусым – Байланыс және ақпарат қызметкерлері күніне және облыстың ата басылымы «Сыр бойы» газетінің 95 жылдық мерейтойына орай олар одақтың куәлігі мен төсбелгісіне ие болды.**



Шараға облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмаханов, ҚР Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов, облыстық «Qyzylorda» телеарнасының директоры Нұрбек Әмиша және «Өрлеу» Қызылорда облысы бойынша филиалы директоры Бауыржан Елеусінов қатысты.

– Ең алдымен барлығыңызды байланыс және ақпарат қызметкерлері күнімен шын жүректен құттықтаймын. Бұқара мен билік арасындағы алтын көпірге айналған журналистер қауымы қоғамның белді мүшелері десем қателеспеймін. Кәсіби мерекеде марапат төрінен көрініп, одаққа мүше болғалы тұрған жандарды құттықтай келе, еңбекте табысты болыңыздар дегім келеді. Сіздерге шығармашылықтың шыңына жететін күш-қуат тілеймін, – деді басқарма басшысы А.Есмаханов.

Биыл мүшелікке қабылданғандардың дені жастар. Олардың қатарында өңірлік коммуникациялар қызметінің бөлім басшысы Нұрай Ақжігіт, облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз хатшысы Жанат Жалиева, облыстық «Ақмешіт жастары» газетінің тілшісі Аружан Оралбай, «Qogam TV» телеарнасының редакторы Нұрбол Серікбай және «Qogam TV» телеарнасының дикторы Шапағат Торғаева бар. Сонымен қатар қоғам белсендісі, газет авторы Баймырза Қожамберлиев, Әлімжан Қияс, Шиелі аудандық «Шарайна-Сейхун» газетінің тілшісі Ғазиза Рүстембек және Сандуғаш Рамберді одаққа мүше болды.

– Жылдағы дәстүрге айналған іс-шара биылда өз жалғасын тапты. Қалам ұстап, қасиетті мамандықтың бел ортасында жүрген жандарды биыл мүшелікке қабылдау облыстық «Сыр бойы» газетінің 95 жылдығымен тұспа-тұс келіп отыр. Еңбектеріңіз еленіп, қашан да абырой биігінен көрінулеріңізге тілектеспін, – деді облыстық филиал төрағасы Қуат Әбішұлы.

Сонымен бірге аталған іс-шарада аймақтың бірқатар журналистері Қазақстан Журналистер одағының марапатына ие болды. Айтар болсақ, БАҚ қызметкерлері арасында өткізілген республикалық конкурста жеңіске жеткен «Kzvesti.kz» ақпараттық агенттігінің шеф-редакторы Мира Жакибаева Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының лауреаты атанды. Одан соң «Әлімсақ» және «Ұстаз мәртебесі» басылымдарының редакторы Нұрлан Көбегенұлы одақтың «Алтын медаль» иегері атанды. Бұл марапат биылдан бастап тұңғыш рет беріліп отыр.

Сондай-ақ, отандық журналистиканың дамуына елеулі үлес қосқаны үшін бірқатар БАҚ саласының қызметкерлері «Құрмет грамотасымен» марапатталды. Олардың қатарында облыстық облыстық «Кызылординские вести» газетінің меншікті тілшісі Мақсұт Ибрашев, «Ақмешіт жастары» газеті бас редакторының орынбасары Айдана Жұмадинова, «Qyzylorda» телеарнасының арнаулы тілшісі Әкімжан Жолтаев, республикалық «Тіл сақшысы» газетінің жауапты хатшысы Жанар Сыдық, «Ақпарат.KZ» газеті бас редакторының орынбасары Думанай Абдулпаттаева, облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Тұрарбек Бекмырзаев және де «Жаңақорған тынысы» газетінің дизайнері Жасұлан Сейдеметов бар.

Айта кетейік, Түрік әлемінің ортақ үнін жұртшылыққа жеткізуде қосқан үлесі үшін «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы Дәуіржан Елубаев халықаралық «ТҮРКСОЙ» ұйымымының Алғыс хатымен марапатталды.

Іс-шарада «Өрлеу» Қызылорда облысы бойынша филиалы директоры Бауыржан Елеусінов пен қоғам белсендісі Баймырза Қожамберлиев журналистер қауымын мерекемен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі.



## ЫСТЫҚТАН ПӘКІСТАНДА 568 АДАМ ҚАЙТЫС БОЛДЫ

Пәкістанда аптап ыстықтан 568 адам қайтыс болды.

Әсіресе, Карачи қаласында жағдай қиын. Жедел жәрдем қызметі хабарлағандай, жергілікті мәйітханаға күніне 30-40 адам жеткізіліп жатыр. Карачиде соңғы күндері ауаның температурасы 40 градусқа жетіп, кейбір жерлерде 50 градусқа көтерілген. Дәрігерлердің айтуынша, ауруханаға түсіп жатқандардың көбі егде адамдар.

## ОРЫСТАР БАҚСЫЛЫҚҚА ТЫЙЫМ САЛМАҚ

Ресей федерациясының мемлекеттік думасының депутаты Александр Спиридонов оккультизм қызметтерін жарнамалауға тыйым салатын заң жобасын дайындады.

Ол бұл құжатты шілде айында мемлекеттік думаның қарауына ұсынуды жоспарлап отыр. Аталмыш заң жобасына сәйкес оккульттік және сиқырмен, дуалаумен байланысты қызметтерді жарнамалайтындарға айыппұл салынады. Мұндай жат әрекетімен көзге түскен жекелеген тұлғалар 4-20 мың рубл, ал заңды тұлғалар 100-ден 500 мың рублге дейін төлейді. Бұл бағыттағы сауалнама нәтижесіне сәйкес Ресей азаматтарының 60% -ы оккультизм қызметтерін пайдаланады және сиқыршыларға сенеді. Александр Спиридонов «Парламенттік газетке» берген сұхбатында сиқыршылардың, бақсылардың, көріпкелдердің және экстрасенстердің қызметін «алаяқтық» деп атады. Олар Ресей азаматтарын ақшасын алдап алып, психикалық және физиологиялық денсаулығына зиян келтіруде.

## ТОҒЫЗЫНШЫ БАЛАНЫҢ ДЕНЕСІ ТАБЫЛДЫ

Қырғызстанның Ош облысы Ноокат ауданында селдің түсуі салдарынан қаза тапқан тоғызыншы адамның денесі табылды. Баспасөз қызметінің хабарлауынша, 30 маусымда Абшыр-Ата ауылында селден опат болған тоғызыншы баланың денесі табылды. Қазіргі уақытта оның аты, тегі және туған жылы анықталып жатыр. Cactus.Media мәліметтері бойынша, 9 адамның екеуі ересек, қалғаны - 2016, 2013, 2012, 2008, 2005 жылы туған балалар мен жасөспірімдер. Оның ішінде төрт қазақстандық бала бар.

Естеріңізге сала кетейік, жұма, 28 маусым күні, Қырғызстанның Ош облысы Ноокат ауданында сел жүріп өтті. Салдарынан жолдар, көпірлер қирап, тұрғын үйлер су астында қалды. Қаза тапқандардың арасында Қазақстаннан төрт бала бар. «Абшыр-Ата» демалыс аймағынан 1400 демалушы эвакуацияланды. ТЖ режимі жарияланды.

## ӨЗБЕКСТАНДА ПОЙЫЗДАРДЫҢ ЖЫЛДАМДЫҒЫ ТӨМЕНДЕЙДІ

Өзбекстанда аптап ыстыққа байлынысты пойыздардың жүру жылдамдығына шектеу енгізіледі. «Температура жоғары болған кезде теміржол рельстері мен олардың болат бөліктері қызады. Жолаушылар мен пойыздың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жылжымалы құрамның қозғалыс жылдамдығына шектеулер енгізіледі», – делінген «Узтемирйулйуловчи» компаниясы тартқан хабарламада.

Осыған байланысты компания пойыздардың кешігуі мүмкін екенін ескертті. Сонымен қатар вагондардағы салқындату жүйесін толық қуатта пайдалануға шектеу енгізіледі.

Айта кетейік, кейінгі бірнеше күн қатарынан Өзбекстанда аптап ыстық сақталуда. Орташа температура +44…+46 градус болса, кейбір өңірлерде +48 градустан жоғары.

# ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАУ АСА МАҢЫЗДЫ



**Облыста жыл басынан бері 191 өрт оқиғасы тіркелген. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 23 пайызға азайған. Жауапты сала мамандарының берген мәліметінше, өрт оқиғаларының басым бөлігі тұрғын үй секторлары мен автокөліктерде орын алған. Бұл туралы облыстық ТЖД Мемлекеттік өрт бақылау басқармасы бастығының міндетін атқарушы Арман Дастенов мәлімдеді.**

– Тіркелген өрт оқиғаларының көбі тұрғындардың қауіпсіздік шараларына салғырт қарауынан болып отыр. Балаларды қараусыз қалдыру, тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеу, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтамаудың салдарынан осындай жағдай орын алады. Мәселен, 4 маусым күні қаладағы Абай даңғылында орналасқан бес қабатты тұрғын үйдің 3 қабатында пәтердің жатын бөлмесіндегі тұрмыстық және электрондық заттары толығымен жанып кеткен. Өрт кезінде 11 адам эвакуацияланды. Одан бөлек, 13 сәуірде Арал ауданына қарасы Қамыстыбас елді мекенінде орналасқан «Қамбаш» олимпиадалық және қосымша білім беру орталығының моншасы жанып, зақымдалған. Мұндағы өрт оқиғасының шығу себебі электр пештің ақаулығынан қысқаша тұйықталуынан пайда болған. Аталған факті бойынша әкімшілік құқық бұзушылық кодексінің 140 бабына сәйкес лауазымды тұлғаларға айыппұл шарасы көрілді. Осы сәтті пайдалана отырып тұрғындарға тұрмыстағы өрт қауіпсіздік ереже талаптарын қатаң сақтауды сұраймыз. Сонымен қатар, Департамент тарапынан төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою мақсатында профилактикалық жұмыстар өз жалғасын табатын хабарлаймыз,- деді Арман Мамайұлы.



# МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ШИЕЛІ АУДАНЫНДАҒЫ ТЫҢ ЖОБАЛАРМЕН ТАНЫСТЫ

**Мәжіліс депутаты Мұрат Әбенов Шиелі ауданына арнайы жұмыс сапарымен барып, «Ауыл аманаты» жобасының игілігін көріп отырған кәсіпкерлермен кездесті.**

Кездесу барысында депутат Шиелі кентінде орналасқан «Шиелі құс еті» кәсіпорнына барды. Құс өсіруші Құрманбаева Гүлзада ауыл шаруашылығы кооперативін ашып, 27,8 млн теңгеге жеңілдетілген несие алған. Бүгінгі таңда 3 құс үйі орнатылып, онда 4500 дана тауық бар. Сонымен қатар, ауданды тауық етімен тиімді бағада қамтамасыз етіп отыр.

Мұнан соң Мұрат Әбенов СПК «Айдын 777» қабырға блоктарын өндіру зауыттының жұмысын көрді. Өнім қазіргі таңда аудан орталығында тиімді бағада нарыққа шығарылуда.

Жоба аясында ауданда СПК «Айдын 777» құрылып, мемлекет тарапынан қолдау тауып, 27,2 млн (жиырма жеті миллион екі жүз мың) теңге қаражат бөлінген болатын. М

әжіліс депутаты жоба аясындағы жұмыстарды оң бағалап, кәсіпті дамытуды, үздік тәжірибелерді батыл жасауды тапсырды.

Сондай-ақ, кенттегі көркейту-көгалдындару жұмыстары барысында қолданылған тамшылатып суғару әдісін көрген мәжіліс депутаты таңданысын жасырмады. Мұнан бөлек, Мұрат Әбенов жеке кәсіпкер Бағлан Сейітмұратов ашқан ауданымыздағы алғашқы кинотеатрға барып, кәсіпкердің алдағы жұмысына сәттілік тіледі, әрі ел үшін жасаған еңбектің міндетті түрде қайтарымы болатындығын айтты.

Келесі кезекте мәжіліс депутаты гидротехник, су саласының ардагері Әлияр Сейітовтың №21 бекетте орналасқан алма бақтың жұмысымен танысты.«Бағбан болсаң бақ өсір, балама деп тағы өсір» деген нақылды өмірлік ұран еткен ағамыздың бау-бақшасы жайқалып өсіп келеді.

Әкесінің ізімен осынау кәсіпті жанына серік еткен кейіпкеріміз «Р-7» каналының 245-ші бекетінде орналасқан алма бақты 2014 жылы еккен. Жарты гектар жерді өңдеп, 135 түп көшет отырғызған.

2014 жылдан Р-7 каналының 245 бекетіне 0,5 га жерге 135 алма ағашының 4 сортын егіп, қазіргі таңда 100 пайызы өсіп тұр. Атап айтқанда, «Крепсн», «Голден», «Белый налив», «Достар» жер аумағына 135 түп алма ағаштарының сорттарын «Клен», «Қарааағаш», «Ясина» ағаштарды және «Панская роза», «Кан», «Гвоздика» гүлдерін жылда егеді.



# ҚОБЫЗ САРЫНЫНЫҢ СИҚЫРЫ

Өткен ғасырдың алпысыншы жылдары. Тіршілігі қайнаған қаланың ескі базары. Базарды қақ жарып ағатын арықты бойлай өскен алып дарақ көлеңкесінде қобызын сарнатып соқыр шал отыратын. Біздің үйдің балалары базарды жиі төңіректейміз. Оның себебі де жоқ емес. «Қоғалыкөлдегі» қойлы ауылдағы ата-анамызды сағынсақ, каникулды күтпей-ақ тартып кеткіміз келіп тұрады. Ауылға апаратын автобус осы базардан жүреді. Базарды ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстайтын алтынға малынған апамыз Зағипа осы жерде бастық. Ортасындағы сырты жұпыны көрінгенімен іші кірсе-шыққысыз үй – осы апамыздың үйі. Табалдырықтан бастап төселген қалың кілемнің неше түрлісі өрлеп барып қабырғаға ілінген. Сарай толған жеміс-жидек. Апамыздың қолы жомарт. Бара қалсаң, ауыл баласы үшін жеңсік астың неше атасымен толтырып жібереді.

Базарды бір аралап келіп, сарнаған қобыз үніне қайта құлақ түреміз. Біреу келіп бал аштырап жатыр, қобыз үніне елітіп, көзінен жасы парлап қалғып-мүлгіп тыңдап отырғандар бар. Әйтеуір бақсының жаны адамсыз емес. Жіпсіз байланасың. Ауруы асқынып дертіне дауа іздегендердің, өмірдің қара бұлты басына үйіріліп қиналғандардың шырқыраған шыбын жаны осы жерден байыз тапқандай. Қобызын сарнатып су басындағы Сүлейменнен медет, батагөй баба Қорқыттан бата сұрап, Қойлыбай бақсы піріне қол тапсырып, өз ұстаздары Есақай мен Адасқақтан аруақ шақырып барып, сәл үзіліс жасап әңгімеге кіріседі. Алдына келген адамның жанына жағымды жылы сөздің тасқыны ағытыла жөнеледі. Жоқ іздегеннің жоғын, дертті жанның дертін, қиналғанның қиындықтан шығар жолын қолмен қойғандай баяндай жөнеледі.

Кейін білдік қой, бүкіл Қызылорданы қобыз үнімен ұйытып отырған қарт біздің ауылымыздан екен. Соқыр Нышан – Ысмайыл Шәменұлы 1883 жылы Қоғалыкөл ауылында дүниеге келген. Нәресте кезінде «өзіңді алам не көзіңді алам» деген серті бар шешек ауруынан соң көзі көрмей, зағип болып қалады. Алты жасында анасы, жеті жасында арқасүйер әкесі қайтыс болып, бесіктен белі шықпай жатып тағдыр тақсіретінің ащы дәмін татып үлгіреді. Балалық шағы Ақмешіттегі Мұсаяз әулие бейітінің шырақшысы, ағасы Әуездің шаңырағында өтеді. Мұсаяз бейітіне зиярат етушілердің арасында дін ғұламалары, бақсы-балгерлер, жыршы, күйшілер көп болатын. Баланың өнерге бейімін байқаған Әуез Есақай, Адасқақтай атағы алысқа кеткен бақсылардың киелі өнерін үйренуіне жағдай жасайды.

Кемеліне келген жігіттік шағын еске алғанда қобызшы: «Аққуды» тартқанда аспанға көтерілген аққу жіпсіз байланып, айналып келіп қайта қонатын. «Желмаяның желісін» боздатқанда желіде тұрған інген иіп, емшегінен сүт саулап, боздап қоя беретін кезімді көрмедіңдер ғой» дейтін. Төңкерістен кейін астана болған Қызылордада Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мағжан, Мұхтар бақсы өнеріне тәнті болып, таңды таңға ұрып тыңдаушы еді. Кейін коммунистерге қожа, молда, бақсы, балгерлер жау саналып, Ысмайыл бақсы бой тасалап, елге кетуге мәжбүр болады.

Соғыс басталардан бұрын «Қаратабанға» Әлкей Марғұлан әдейі іздеп келіп, күйін тыңдап, таңданып аттанған. Сол сапарда ғой Әлекеңнің «Қарашеңгел», «Қышқаланы» зерттеп, картаға түсіріп кететіні. Елуінші жылы «Қаратабанды» су басып, Ысқақ бастаған бұл әулет «Қоғалыкөлдің» батысындағы «Жетімасар» жағындағы «Айдаршоқыға» қоныс аударған. Біздің құдамыз Ысқақтың жары Мырза – Бақмұхаммед қожаның ұрпағы. Соқыр Нышан да – Бақмұхаммед. Өзі жарымжан жан Мырза әжемізді сағалап жүретіні содан. «Ысқақтың бағы» деген бақ «Октябрь» каналының жамбасында бертінге дейін болды. Ескі көздер Ысқақ бағындағы тұттың дәмін әлі ұмыта қоймаған шығар.

Мен Мырза әжемізді көрдім. Жеңгем Сәрсеннің нағашы әжесімен жақсы араластық. 1994 жылы қалың қар жауатын қыста «Бесарықтағы» үйімде айға жуық жатты. Анам екеуі талай тарихтың тінін тарқатқан, жады мықты әңгімешіл жан еді. 1959 жылы жеңгем Сәрсеннің әкесі Емберген құдамыз «Қоғалыкөл» ауылының орталығындағы, «Бәлтік» мешіті жанынан жер алып, үй-жай салуға қам қылды. Бұл әулеттен іргесі ажырамаған Нышан да жаңа қонысқа бірге келді. Ересектер кесек құйып, там салу қамында болса, бес жасар Сәрсен қобызшы атасын жетелеп, қораның аяғына еккен тарыны қоритын. Жағалай жіп тартып, оған қалбыр, қарақшы ілінген егістік басына бақсыны іздеп аракідік келушілер де болатын. Соқыр Нышан келушілердің тамырын ұстап отырып аһылап, үһілеп бастағаннан-ақ қобыздың басына таққан қоңыраулар мен моншақтар сыңғырлап, сыңси бастайды. Меккедегі Мұхаммедтен бастап әулие-әмбиелерді жағалап келіп, «Бегім Сейіт бабам-ай, Бегім-ай менің анам-айлап» қобыз шала бастайтын. Аспанға аққу, қаз ұшырып, бота, түйе боздатып, азан-қазан қылып сарнатып барып, келген кісінің жайына көшетін.

1962 жылы кемпірімен Қызылордаға қайта көшіп, «Айтбай» мешіті жанынан жай алып, сонда тұрды.

– Алда-жалда біз бара қалсақ, «Әй, барыңдар, Қымбатқа сәлем айта бар, саған бал ашпаймын» деп танып қоятын. «Қобызымды да, киесін де саған берем» деп Қымбатқа қанша айтса да, шешем көнбей қойды. «Ендеше қызың Сәрсенге берем» деп кейін ықыласы маған ауды, – дейді жеңгем Сәрсенкүл. – Кейін мен көп ауырып, гарнитурдағы ыдыстар сыңғырлап, баяғы бала кездегі қобыз моншақтарының сыңғыры құлағыма келетін. Қиналған сәттерімде ақ киімді Нышан атам өңімде де келетінін айтқанымда анам Қымбат «Әттең, Соқыр Нышан атамыздың өнері мен киесі иесін таппаған екен ғой. Сені жағалап жүргені ғой» деуші еді. Енді ғой біліп жатқанымыз, Ахат Жанаев ағамыз бабамыздан Қорқыттың тоғыз күйін, бақсының «Елім-ай, халқым-ай» күйін жазып алып, таспаға түсірді. Асылдың асыл екенін көзден таса болғанда бағалайтын, бақсы, балгерді, молда, ишандарды жау көрген марғау заманда өмір сүрдік, ненің парқын білдік?! Кімді кінәлаймыз? – деп жеңгем өнер иесі жайлы әңгімесін аяқтады.

**Жұмабай БАЙЗАҚҰЛЫ**

# СПОРТ БАСҚАРМАСЫНЫҢ АККРЕДИТТЕУ ТУРАЛЫ КУӘЛІГІ ЗАҢСЫЗ ДЕП ТАНЫЛДЫ

**Қызылорда облысының жекпе-жек айқас, панкратион және грэпплинг федерациясы сотқа әкімшілік талаппен жүгініп, облыстық мәдениет және спорт басқармасының «Грэпплинг UWW» қоғамдық бірлестігін аккредиттеу туралы куәлігінің күшін жоюды сұраған.**

Бірінші саты соты федерацияның талабын қанағаттандырып, басқарманың «Грэпплинг UWW» қоғамдық бірлестігін аккредиттеу туралы куәлігінің күшін жойған. Басқарманың әрекетіне жеке ұйғарым қабылдаған. Дегенмен, басқарма мен қоғамдық бірлестік бұл шешіммен келіспей, апелляциялық жеке шағым түсірген. Федерация өзіне аккредиттеу туралы куәлікті 2016 жылы алған соң, осыған сәйкес облыс аумағында осы күнге дейін жекпе-жек, панкратион, грэпплинг, грэпплинг «UWW» сияқты спорт түрлерін дамытумен айналысып келген. 2016-2024 жылдары федерация грэпплинг «UWW» спортынан спортшылар даярлап, олар Қазақстан, Әлем, Азия ойындарына қатысып, бірнеше дүркін жүлделі орынға қол жеткізген.

Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 1 қарашадағы бұйрығына сәйкес, спорт түрлерінің республикалық тізбесінде грэпплингтің «UWW» және «AIGA» түрлері бөлінген. Облыс аумағында аталған спорт түрінен аккредиттелген спорт федерациясы болғанына қарамастан, басқарма грэпплинг спорты түрінен жаңа «Грэпплинг UWW» бірлестігін аккредиттеп жіберген. Алайда, сала министрінің «Спорт федерацияларын аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, облыстардың әкімшілік-аумақтық бірлігінде тиісті аккредиттеуден өткен жергілікті спорт федерациясы жоқ болған жағдайда ғана, белгілі бір спорт түрінен жергілікті спорт федерациясы аккредиттелуге жататыны нақтыланған. Бұл дегеніміз Қызылорда облысы бойынша грэплинг Федерациясы бар болған жағдайда, екінші дәл осындай спорт федерациясын аккредиттеуге жол берілмейді деген сөз. Федерацияға 2016 жылы берілген аккредиттелген куәлік жарамсыз деп танылмаған. Тізбеге өзгеріс енгізіліп, грэпплинг нұсқалары нақтыланғанымен, заң бойынша қайтадан аккредиттелген куәлік алу қарастырылмаған. Осылайша, бірінші саты сотының шешімі мен жеке ұйғарымы өзгеріссіз, апелляциялық және жекеше шағым қанағаттандырусыз қалдырылды.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

# СОТ – БИЛІКТІҢ БІР ТАРМАҒЫ

**Мемлекеттің тыныс – тіршілігінің маңызды салаларының бірі – сот жүйесі. Ал, Заң мен тәртіп – бұл құқықтық мемлекеттің негізін құрайтын маңызды ұғым, бұл соттардың өз кезегінде сот төрелігін жүзеге асырудың кепілі болып табылады.**



Сот жүйесінің қалыптасуы Қазақстан өз Тәуелсіздігін алған жылдары болды. Содан бері азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын нығайту және оны іске асыруды қамтамасыз ету бағытында үлкен серпіліс жасалды. Сот билігі Қазақстан Республикасының атынан жүзеге асырылады және оның мақсат-міндеті азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауды, Қазақстан Республикасының Конституциясының заңдардың және өзге де нормативтік-құқықтық актілерінің, халықаралық шарттардың орындалуын қамтамасыз ету. Ал негізгі міндеті – қоғам мен мемлекет өмірінде туындайтын жанжалдар мен дауларды шешу, бұзылған құқықтарды қалпына келтіру, заңдардың талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілікке тарту.

Цифрлық технологиялар ғасырының басталуымен Қазақстан Республикасының сот жүйесі өзінің жаңа кезеңі – модернизацияға ене бастады. Осы кезеңде сот ісін жүргізуді оңайлату рәсімдерін жүргізу, мамандандырылған соттар құру, алқабилердің қылмыстық істерін қарауға тарту, үшінші бейтарап емес тарап – медиацияның қатысуымен дауды баламалы реттеу құралын енгізу бойынша шаралар қабылданды.

Қазіргі уақытта елімізде сот жүйесін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты, жергілікті соттар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Конституциясына және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялардың мәртебесі туралы» Конституциялық заңға сәйкес құрылған соттар құрайды.

Судьяға сот төрелігін уақытылы және сапалы жүзеге асыру, істі обьективті, жан – жақты және толық қарау үшін ең үлкен жауапкершілік жүктелген. Судьяның жеке қасиеттері де бұл ретте маңызды рөл атқарады. Сот төрелігін іске асыру кезінде судья адал әрі бейтарап болуға, тек Конституцияға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына ғана бағынуға тиіс.

Бұл дегеніміз, мықты және тәуелсіз сот билігі – мемлекет пен азаматтық қоғамның үйлесімді өзара іс – қимылдың қағидатты кепілдіктерінің бірі, азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғаудың басты құралы. Яғни, Қазақстан Республикасы Конституциясы, сондай-ақ оның негізінде қабылданған заңдар мен өзге де заңнамалық актілердің тұтас топтамасы сот жүйесін жетілдіруге барынша елеулі түрде әсер ете отырып, елде сот төрелігінің қағидаттық жаңа құрылымын жасауға бағытталғаны белгілі.

Қорыта айтқанда, «Әділ іс ағын судың арнасындай, әділ сөз болат семсер алмасындай» сот билігінің халық пен қоғам үшін құқықтық мемлекет құру жолындағы маңызы өте зор деп санаймын.

**А. ЖАҚЫПБЕК,**
**Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының бас маман сот отырысының хатшысы**

# СЕМИНАР-ТРЕНИНГ ӨТКІЗІЛДІ

**Қызылорда облыстық сотында «Азаматтық сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту» тақырыбында семинар-тренинг өткізілді.**




Шараға облыстық соттың судьясы Е.Турбаев, Сот Әкімшілігі Қызылорда облысы бойынша Департаменті бөлімінің мамандары мен қалалық соттардың мамандары, Қорқыт Ата университетінің оқытушысы, филология ғылымының кандидаты А.Айтбаева, Қызылорда облысының тілдерді оқыту орталығының өкілі Б.Байділдаева, филолог Б.Әбдірасылова қатысты.

Облыстық соттың судьясы Е.Турбаев семинарды ашып, мемлекеттік тіл қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі екені, бүгінгі таңда сотқа келіп түсетін істердің басым бөлігі мемлекеттік тілде екенін, сондықтан мемлекеттік тілде іс жүргізудің сапасын арттырып, мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту керектігін атап өтті.

Қорқыт Ата университетінің оқытушысы, филология ғылымының кандидаты А.Айтбаева сөз алып, мемлекеттік мекемелерде іс жүргізу кезінде мемлекетті тілді қолдануда көптеген қателер орын алатынын, сөйлемдер мен сөз тіркестері қате қолданылып жүргенін, мемлекеттік қызметшілер ана тілімізді жоғары деңгейде меңгеріп, іс қағаздарын сапалы жүргізуді басты назарға алу керектігіне тоқталды. Тілдерді оқыту орталығының өкілі Б.Байділдаева мемлекеттік тілге аударма жасау кезінде қателердің жиі кездесетінін, көп жағдайда тікелей аударма жасалатынын, аударма барысында сөйлемнің мағынасын аударып, сөз тіркестерінің дұрыс құрылуына аса мән беру керектігін жеткізді. Шара барысында филолог Б.Әбдірасылова сот мамандарымен сот процесіндегі шешендік өнердің маңыздылығы, риторика өнері туралы сұхбат түріндегі тренинг жүргізді. Сонымен қатар, сот мамандары адамзаттың тілін, ойын дамытуда шешендік сөздердің рөлін атап өтіп, ар-намыс, мінез-құлық, тәрбие туралы мақал-мәтелдерді жатқа айтты.

Шара қатысушылары семинар-тренингтің қызықты өткенін, мемлекеттік тілді қолдануға қатысты мол мәлімет алғанын атап өтіп, өздерінің ойларымен бөлісті.

**Қызылорда облыстық сотының баспасөз қызметі**

## 2024 жылғы III тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

| № | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты) | Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы | Жеке қабылдау күні мен уақыты | Қабылдау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Тоқтаров Аділ Тоқтарұлы | Ауылдық округ әкімі | Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы | Апта сайын |

## Сенім телефоны

Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» № 153 Жарлығы талаптарының орындалуы және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес «Қызылорда қаласының Қарауылтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде8 (7242) 21-33-21 «Сенім телефоны» жұмыс жасайтынын және Қарауылтөбе ауылдық округі әкімімен азаматтарды жеке мәселелерімен қабылдау әр аптаның сәрсенбі күні сағат 15.00-ден 19.00-ге дейін жүргізілетіндігін хабарлайды.

В соответствии с Указом Президента Республики Казахстан от 29 декабря 2015 года № 153 «О мерах по дальнейшему совершенствованию этических норм и правил поведения государственных служащих Республики Казахстан» и Законом Республики Казахстан от 18 ноября 2015 года №410-V«О противодействии коррупции» сообщаем, что, в коммунальном государственном учреждении «Аппарат акима сельского округа Карауылтобе города Кызылорды» работает «Телефон доверия» 8 (7242) 21-33-21 и прием граждан по личным вопросам Акимом сельского округа Карауылтобе проводится каждую среду недели с 15.00 до 19.00 часов.




01.07-07.07.2024



**Тоқты**
Жақындарыңызбен әңгіме-дүкен құратын күн. Іскерлік кездесулер ұйымдастыруға да қолайлы. Бұрын қарым-қатынасыңыз ажырап кеткен жандармен қайта тіл табысасыз. Кикілжіңдер жойылып, барлығы орнына келеді.



**Торпақ**
Алдағы уақытта өміріңіздің бір бөлшегіне айналатын жанмен таныс боласыз. Бұл кездесу сізге қуаныш сыйлайтын болады. Ішкі түйсігіңіз кіммен дос болуды, кімнен бойды аулақ ұстау қажет екенін ескертеді.



**Егіздер**
Асығуға тура келеді. Маңызды жұмыстарда тез шешім қабылдауыңыз қажет. Барлық шаруаны назарда ұстау қажет. Ұсақ-түйекке де мән бергеніңіз жөн. Сондай-ақ бүгін қызықты жаңалық естисіз.



**Шаян**
Барлығы керемет. Жұмыс жасауға керемет күн. Қиын жұмыстың өзін оңай орындап тастайсыз. Қолға алған жобаларды орындауға, былтыр қолға алған шаруаны аяқтауға қолайлы күн.



**Арыстан**
Жемісті күн. Өзіңіздің барлық жұмысты игеруге күш-қуатыңыз жететінін сезінесіз. Айналаңыздағы жандар алған бетіңізден қайтпайтыныңызды біліп, сіздің жолыңызға тосқауыл болмайды.



**Бикеш**
Жұмыс жасауға құлшынысыңыз артады. Маңдай терді төкпей, іс өнбесін жақсы білесіз. Сондықтан қызықты ұсыныстар бойынша жұмыс жасауды қолға аласыз, оған бар күш-жігеріңізді саласыз.



**Таразы**
Қобалжулысыз. Себебі барлық шаруаны асығыс орындайсыз. Жұмысты асықпай жасағыңыз-ақ келеді. Бірақ уақыт аз. Түстен кейін жұмыстағы және жеке өміріңіздегі мәселелерді ретке келтіресіз.



**Сарышаян**
Сәтті күн. Бүгін жағымсыз оқиғалар орын алмайды. Маңызды сұрақтарға жауап тауып, қиын жұмыстарды орындай аласыз. Жалпы, бүгін жолыңыз болады. Жақын адамдарыңызбен де жақсы қарым-қатынас орнатасыз.



**Мерген**
Ешқайда асықпаңыз. Барлығының өз уақыты бар. Осыны естен шығармаңыз. Орын алып жатқан оқиғаларды өзгертемін деп әуреге түспеңіз. Барлығын уақыт еншісіне салып, әліптің артын бағыңыз.



**Тауешкі**
Жұмысқа қатысты шаруаларды реттеуге қолайлы күн. Жаңа тапсырмалар беріледі. Олардың барлығына қызығушылық танытасыз. Сонымен қатар бүгін бойдағы талантыңызды сыртқа шығарып, жұртты таңқалдырасыз.



**Сукұйғыш**
Табысқа жетуге мүмкіндік туып тұр. Ол үшін тез шешім қабылдағаныңыз жөн. Бүгін өз ойы, өз-өзіне сенімі жоқ адамдардың да жолы болады. Жауапкершілік жүгін мойнына арқалай алатын жандар бүгін жетістікке жете алады.



**Балықтар**
Соңғы уақытта сізді сергелдеңге салған мәселенің шешімін табуға болады. Барлық мәселенің ақ-қарасы анықталғаннан кейін қай бағытта жұмыс жасау керектігін ұғасыз. Осыдан кейін қорқынышыңыз жойылады.




Қаңтар айының басындағы демалыс күндерінің бірінде жаңа жылға құтты болсын айтып қызын алып отырған Бекболат құдамның үйіне бара қалдық. Құда-құдағайлардың шағын отбасылық отырысы болғандықтан көп адам болған жоқ. Ауыл-аймақтың амандық-саулығы, ел арасындағы тұрмыс-тіршіліктің түйткілдері, дастарқан басында өзімізбен қатар отырған, ойнап жүрген немерелердің қылықтарын қызықтаған әңгіме-дүкен қазіргі балалардың ішіп-жейтін қытырлақ-пытырлағы, тағам-тәттілері туралы тақырыпқа ойысты. Негізінде тақырыпқа тамызық тастаған өзім. Оған себеп, жанымызда бір отырып, бір тұрып ойнап жүрген немерелеріміздің ара-тұра дастарқандағы тәттілерден сұрап, қалағандарын алып беріп отырғанымыздан басталған еді.

– Қараңызшы, құдеке! – дедім, өзімнен бір-екі жас қана кішілігі бар Бекболат құдама қарап. – Мына балақайлардың қолдарында тәттінің түр-түрі жүр. Үйде де, түзде де, мейлі ол сапасыз болсын, сапалы болсын, қалаған тәтті-дәмдісіне қол жеткізе алады. Сіздің кіндік қаныңыз тамып, туып-өскен жеріңіз – «Қызылжар» ауылы, ал мен №94-ші Рзаев разъезі, қазақша «Андабай» бекетінде дүниеге келдім. Замандас болған соң осыдан 50-60 жыл бұрынғы балалық шағымыздың да бір-біріне ұқсас болуы табиғи заңдылық. Есіңізде ме, күн жылығаннан бастап жаз бойы қозы-лақ бағудан босай қалсақ, далада алаңсыз ойын қуып жүретініміз. Күн шыққаннан көзді тырнап ашып, шай ішсек ішкеніміз, ішпесек бір кесе айранды басымызға көтере салып, оған шыдамымыз жетпесе тапа наннан бір омырып, шүберек қалтадағы жұдырықтай шақпақ қантты ала сала безе жөнелетінбіз. Қашан ойынның қызығына тойғанша нан, шекеріміз де түгесілетін. Мына немерелердің қолындағы көз сүрінетін тәтті-пәттіге қарап отырып, сол кездегі біздің санаулы тәттілеріміз анда-санда бір келетін пряник, конфет пен әлгі жұдырықтай шақпақ қант екен-ау! Есесіне, сапасы мінсіз еді ғой.

– Әрине, әрине, – деді бір күліп алған Бекболат құдам әңгімені әрі жалғап. – Ол кезде қазіргідей толып жатқан тәттілер болмаса да, жарықтық қолдың өнімі айран, құрт, ірімшік, май, өзен-көлдің балығы – ең құнарлы тағамдар еді-ау! Құдеке, жаңағы жұдырықтай шақпақ қанттан есіме түсіп отырғаны, мен сізге бір әңгімеден айтып берейін, – деп сәл тоқтады құдам.

– Өткен жылы қайтыс болған Асылбек інімді қосқанда менің 8 ағайынды екенімді білесіз. Аралдағы балық өңдейтін трестте балық өңдеуші болып еңбек еткен әкем Сыраш өмірден ерте өтті. Атам Рсалы діни білімі болған, кеңес үкіметі орнағанша «Қызылжарда» мешіт ұстап, бала оқытқан, үкімет орнағанда мешіті жабылып, өзі қудалауға ұшыраған екен. Ол кісінің кемпірі, ауыл-аймақ «Елті ана» деп атап кеткен әжем Зибагүл он саусағынан өнері тамған тоқыма шебері болған, алыс-жақындағы атқамінерлердің кілем-қоржындары Зибагүл әжемнің қолынан өтеді екен. Ал жылым бригадирі болған нағашы атам Әбдік – Жақайым Жылқайдар батырдың ұрпағы. Ел арасында ескіден қалған мынадай да әңгіме бар:

...Қартайғанша жылқыны таңдап мінген Жылқайдар батырдың «Аққылшық» атанған жарамды аты болыпты. Соны сырттай естіп, қызығып жүрген көршілес түркіменнің батыры бабамыздың қартайғанын пайдаланып қапысын тауып бір түнде ауылын шауып, «Аққылшықты» алып кетеді. Бұл жағдайды естіген, сол кезде бар болғаны 17 жастағы жасөспірім Жанқожа батыр терісіне сыймай ашуға булығып, атқа қоныпты. Ізінен қуып жетіп түркіменнің әлгі барымташы ерін өлтіріп, қарт батырға атын әкеліп беріпті. Ал енді сексендегі Жылқайдар батыр мен жалындаған жас Жанқожаны не байланыстырады дейсіз ғой? Жанқожа қарт батырды «бала күнімде қару-жарақ ұстап, соғыс тәсілдерін үйреткен ұстазым» деп пір тұтқан екен. Мінекей, менің нағашы атам Әбдік осы Жылқайдар батырдың тікелей ұрпағы еді.

Әңгімеміз бала күнгі тәттіміз – шақпақ қанттан басталды ғой, соған көшейін. Марқұм әкем Сыраш әлі шаңырақ көтермей тұрғанда Зибагүл әжем көрші ауылға, болашақ нағашы атам Әбдік пен әжеме қызын, яғни менің анам Гүлбаршынды сұрап, құда түсе барыпты. Астына шаңырағының бар шаруашылығына салып жүрген атанын мініп, қолына әлгінде өзіміз әңгіме қылып отырған бір қалта шақпақ қантын алып барған әжем амандық-саулық сұрасып, шай-суын ішіп болған соң келген бұйымтайына көшеді ғой.

– Замандас, – дейді әжем маңызды әңгіменің түйінін тарқатуға тікелей кірісіп, нағашы атам Әбдікке қарап: – Бұрын да ауылы аралас, қойы қоралас дегендей, жаттығы жоқ жандар едік. Өздеріңізбен сирек болса да жолығып қалып жүретін ауыл арасындағы торқалы той, топырақты қазада амандасудан әріге бара бермейтінбіз. Бүгін сәрсенбінің сәтіне өзіңізге бір салмақты бұйымтаймен келіп отырмын. Тосыннан келіп, ойға қалдырып отырсам айып етпеңіз, реті осылай болды. Сіздерде қыз бар екен, менде ұл бар. Екі бала бір-екі мәрте жүз көрісіпті, бір-біріне кетәрі емес те көрінеді. Әуелі Алланың қалауымен, сонан соң өзіңіздің рұқсатыңызбен қызыңыз Гүлбаршынға құда түсе келдім. Астыма мініп келген атаным ана сүтіне атағаным болсын, ал мына бір қалта қантым «құдалық қарым-қатынасымыз қанттай тәтті болса екен» деген ниетім еді. Мүмкін болса, оң жауабыңызды алып кетсем деп үміттеніп отырмын.

Әбдік ата ұзақ ойланып отырып қалады, тосыннан қойылған сауалға толқып отырғаны да байқалады. Іштей ақылға салып, әбден арғы-бергіні ойланып-толғанып барып әжеме: «Атаныңды мініп кет, қантыңды тастап кет» деп қысқа қайырыпты. Сөзді ұққанға, үгітті жұққанға айтады емес пе, әжем де артық сөз қайтармай, болашақ құда-құдағайының жауабына риза болып аттаныпты. Арада екі-үш ай өтіп, жер аяғы жіпсігенде жарасымды алыс-беріс кәде-қауметін жасап, әжем «Қызылжардағы» құтты шаңырағына менің анам Гүлбаршынды келін етіп түсіреді.

Осылайша, әлемді әбігерге салған екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі он-он бес жылдан соң, ел еңсесін енді ғана тіктеп жатқан елең-алаң уақытта шаңырақ көтеріп, тағдыр қосқан әкем Сыраш пен анам Гүлбаршыннан 8 ұл дүниеге келдік. Бір өкiнiштiсі, әкем бар болғаны 42 жасында өмірден өтіп, ең үлкені өзім 18 жаста, ең кенже інім емізулі, жастай қалғанымыз болмаса, Аллаға шүкір, ешкімнен кем болғанымыз жоқ. Анамыздың қас-қабағына қарап, ширап өстік. «Өтемістен туған он едік, онымыз атқа қонғанда, жер қайысқан қол едік» деп Махамбет ақын айтпақшы, Сыраш әкемнің 8 ұлы, былтыр ғана өмірден озған марқұм Асылбек інімнен басқамыз ел қатарлы сап түзеп келеміз. Отбасының үлкені болған соң шамам жеткенше інілерімнің өмірден өз орындарын табуына көмектесіп, бағыт-бағдар бердім. Өзім театр декораторы мамандығын алып, біраз жыл сол мамандықпен жұмыс істедім, кейін теміржол саласына ауысып, биыл зейнетке шыққалы отырмын.

Өзімнен кейінгі інім Шымболат – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, Алматыдағы КИЗ-де, Қазақ жер өңдеу институтында қызмет етеді. Одан кейінгі інім Болатбек – Жанкент ауылдық мәдениет үйінің меңгерушісі. «Қызылжардағы» қарашаңырақтағы Айболат інімнің кәсібі – балықшы. Атырауда тұратын Жанболат інім – әскери саланың полковнигі. Нұрлыбек інім Арал қаласында адвокат болып қызмет атқарады.

Өткен жылы ғана мезгілсіз өмірден өткен, мәдениет саласының қызметкері болған Асылбек інім Арал, Қазалыға белгілі асаба болатын. Ал ең кенже інім Аралбек – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы. Қазіргі күні елордамыз Астана қаласында қызметте. Інілерімнің бәрі де үйлі-жайлы, балалы-шағалы. Бірге тумақ болса да, бірге тұрмақ болмайды. Анда-санда қарашаңырақтан кейінгі үлкен шаңырақ деп, осы үйде басымыз қосылып, өткен-кеткенді еске алып, үйді басымызға көтеріп, қауқылдасып қаламыз. Мінекей құдеке, әлгінде өзіңіз әңгіме қылған шақпақ қанттың біздің әулетке қатысты хикаясы осындай.

Бекболат құдам әңгімесін аяқтады. Құдай қаласа, әне-міне зейнетке шыққалы отырған құдама абыроймен артқа тастаған кедір-бұдырлы, қиындығы мен қызығы кейін қалған өмір жолындағы бейнетінің зейнетін көруіне тілектестігімді білдіріп, қайыр-қош айтыстым.

**Әлімжан ҚИЯС.**
Әйтеке би кенті

# КОНСУЛЬТАЦИЯЛЫҚ-ДИАГНОСТИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕР: КІМГЕ ЖӘНЕ ҚАЛАЙ АЛУҒА БОЛАДЫ?

**Тар бейінді дәрігерлердің консультациялары, КТ, МРТ, рентген және диагностиканың басқа да түрлерінің қызметтері сақтандырылған азаматтарға МӘМС жүйесінде емдеуші дәрігердің жолдамасы бойынша көрсетіледі. Олар үшін қосымша ақы талап етілмеуі керек. Егер емхана осы қызметтерді өзі ұсына алмаса, онда оны орындау шарты бойынша пациентке басқа клиникада қабылдауды қамтамасыз етуі қажет.**

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов консультациялық-диагностикалық қызметтерді (бұдан әрі – КДҚ) алу мүмкіндіктері туралы толығырақ айтып берді.**




## КДҚ-ны қалай алуға болады?

Науқасқа кез келген консультациялық-диагностикалық қызметті емдеуші дәрігер тағайындайды. Ол науқастың жағдайын, шағымдарын, аурудың белгілерін зерттейді. Тиісті көрсетілімдер болған кезде дәрігер КТ, МРТ немесе басқа да зерттеулер жүргізуге жолдама жазады. Қызметті жоспарлы түрде алу үшін пациент «Сақтандырылған» мәртебесіне ие болуы тиіс, өйткені емхана деңгейінде бұл қызметтер МӘМС шеңберінде көрсетіледі.

## Егер КДҚ-ны көрсетуден бас тартылса...

ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде қызмет көрсететін медициналық ұйым Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорымен тиісті шарт жасасады және пациенттерге осы қызметтерді ұсыну бойынша міндеттемені орындауға тиіс.

«Біз азаматтардан емхана көрсетілімдер болған кезде, оны өткізу мүмкіндігінің жоқтығына сілтеме жасай отырып, консультациялық-диагностикалық қызметке жіберуден бас тартады деген өтініштерді жиі аламыз. Алайда, мұндай жағдайда өнім беруші Қор дерекқорында (сілтемесі - https://fms.kz/kz/useful-to-know/vybrat-kliniku/) тұратын медициналық ұйымдар қатарынан бірлесіп орындаушыны тартуға міндетті. Егер бірлесіп орындау шарты ешкіммен жасалмаса, онда пациентті осы қызмет түрі бойынша Қордың өнім берушілерінің біріне жіберуге тиіс, шарт бағыт бойынша қызмет көрсету қорытындылары бойынша автоматты түрде жасалады», – деп атап өтті ӘМСҚ облыстық филиалының директоры Бақыт Исмаханбетов.

Алайда пациент емханаға бармай, КДҚ-ны ақылы негізде алу үшін тікелей жіберілетін басқа да жағдайлар бар.

«Кейде біз әлеуметтік желілерде науқасқа жолдама берілмегені және олар ақылы түрде қызмет алғаны, мысалы, КТ туралы шағымдарды көреміз. Мұндай жағдайларда науқастың құқығын қорғаушы ретінде Қор іске қосылады. Алайда, нәтижесінде науқас тіпті өз емханасына жүгінбеген, бірақ дереу басқа жерде ақылы тексеруден өтуге шешім қабылдаған болып шығады. Біз азаматтарды ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді пайдалануға шақырамыз. Егер мәселелер туындаса, Пациентті қолдау қызметіне хабарласыңыз және өз құқықтарыңызды қорғаңыз», – деп Бақыт Исмаханбетов атап өтті.

ӘМСҚ филиалының директоры атап өткендей, 2023 жылы өңірде амбулаториялық-емханалық жағдайларда консультациялық-диагностикалық қызметтерге қаржыландыру 13,08 млрд. теңгеден 15,98 млрд. теңгеге дейін ұлғайтылды. Қаржыландырудың өсуі - 122%.

Мәселен, медициналық ұйымдарға консультациялық-диагностикалық көмек көрсеткені үшін шамамен 15,91 млрд.теңге төленді. Олардың ішінде КТ және МРТ сұранысқа ие болып қала береді.

Өткен жылдың кезеңінде Қызылорда облысы бойынша 551,81 млн. теңге сомасына 28 251 МРТ қызметі көрсетілді (2021ж. – 24 445 қызмет, 377,9 млн.тг), 326,04 млн. теңге сомасына 24 184 КТ қызметі (2021ж. – 7 436 қызмет, 76,9 млн. тг). 2021 жылмен салыстырғанда МРТ қызметтері 16% - ға, КТ-3,3 есе өсті.

Егер сізде консультациялық-диагностикалық қызметтерді алуға қатысты сұрақтар туындаса немесе сіз оларды көрсетуге қол жеткізе алмасаңыз, онда өз емханаңыздың Пациентті қолдау қызметіне хабарласуыңыз қажет.

Ұзақ күтуге байланысты өз аймағыңызда томографиядан немесе басқа да қызметтерден өту мүмкіндігі болмаған жағдайда, сіз өз аймағыңыздың денсаулық сақтау басқармасындағы жағдайды нақтылай аласыз.

Егер мәселені сол жерде шешу мүмкін болмаса, онда Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына өзіңізге ыңғайлы тәсілмен өтініш беріңіз: fms.kz ресми сайты, 1414 байланыс орталығы, Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы және Telegram-дағы SaqtandyryBot.

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС

Директор-Бас редактор
**Егиншибаева Анар Жақсыбекқызы**

Жауапты хатшы
**Зибаш ӘЛИ**
8 705 982 76 61

**Ақылдастар алқасы:**
Әбілбай Садықбаев
Данияр Сұлтанбеков
Рысбай Кәрімов

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму минитрлігінде қайта тіркеліп, 2021 жылдың 28 сәуір айында есепке алу туралы № KZ36VPY00035077 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджіменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған

**Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – Г, 19.10.2007 ж**

**Редакцияның мекен-жайы:**
Тоқмағанбетов көшесі 36 а,
1 қабат 7 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсынов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу сапасына жауапты «PRINT» баспаханасы.

*Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді*

**Газетті тасымалдауға «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91**

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

**Таралымы 9820 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №150**

***E-mail:gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https// ret-gazeta.kz/***